

күнге созылатын еңбек ақысы төленетін демалысын және сауықтыру жәрдемақысын төленумен алуға;

5)Дербес педагогикалық қызметке;

6)Кәсіптік абыройы мен намысын қорғауға;

7)Білім беру ұйымдары мен олардың қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметтерінің бастамасы болып табылатын материалдық активтер түріндегі (ғылыми, әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламамен қамтамасыз ету, білім беретін ақпараттық технологиялар және тағы басқалар), басқа да меншік түрлерімен қатар, интеллектуалдық меншікті қорғауға;

8)Білім беру ұйымдары әкімшілігінің бұйрықтарына шағым беруге;

9)Педагогикалық қызметтегі табысы үшін материалдық және моральдық жағынан мадақтамаларға; орден мен медаль, құрметті атақтар, төсбелгілер мен мадақтамалар сияқты марапаттарға.

9.9.Тәрбиеші және басқа да педагогтар міндетті:

1)Тәрбиеленушілердің білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған деңгейден төмен емес білім, икемділік және дағды алуларын қамтамасыз ету;

2)Тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін ашу және дамуына көмектесу;

3)Өз біліктілігін арттыру;

4)Педагогикалық әдеп нормаларын қадағалау;

5)Тәрбиеленушілер абыройын құрметтеу;

6)Салауатты өмір салтын жүргізу және оны тәрбиеленушілер арасында насихаттау;

7)Балаларға алғашқы медициналық жәрдем көрсете білуге және төтенше жағдайлар кезінде әрекет жасау;

8)Медициналық тексеруден уақытында өтіп тұру;

9)Тәрбиеші және Кәсіпорынның басқа да педагогтары тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде және баланың мектепке дейінгі ұйымда болуы кезінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтауға дербес жауапкершілік жүктейді.

9.10.Балаларға берілетін кепілдіктер:

1)Өмірі мен денсаулығын сақтау;

2)Дене және психикалық, моральдық зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғау;

3)Оның абыройын қорғау;

4)Эмоционалдық және жеке қатынастағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;

5)Баланың жасы мен жеке даму ерекшелігіне сәйкес тамақтану, ұйықтау, демалу және т.б. физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру;

6)Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес балалардың шығармашылық қабілеттері мен мүдделерін дамыту;

7)Мектепке дейінгі сапалы дайындық;

8)Дамыту кезінде болатын келеңсіздіктерді түзетуге;

9) Білім беру стандарты бойынша білім алу;